

**Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті түзеу мекемелерінің "Еңбек - Қостанай" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының конкурстық массасын сатудың ерекше шарттары мен тәртібі туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 12 қазандағы N 941 Қаулысы

"Банкроттық туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 21 қаңтардағы Заңының 2-бабының 4-тармағына сәйкес, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті түзеу мекемелерінің "Еңбек - Қостанай" республикалық мемлекеттік кәсіпорнын банкрот деп тануға байланысты Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің түзеу мекемелері "Еңбек - Қостанай" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының :

1) конкурстық массаны бірнеше лоттарға бөлуді;

2) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті түзеу мекемесінің (бұдан әрі - мекеме) тыныс-тіршілігін қамтамасыз ететін өндірістік қызметте қажет жекелеген активтерден негізгі лотты қалыптастыруды көздейтін конкурстық массасын сатудың ерекше шарттары мен тәртібі белгіленсін.

2. Негізгі лотты сатып алушыларға мыналарды көздейтін қосымша талаптар белгіленсін :

1) мынадай міндеттемелерді қабылдау:

технологиялық циклдің үздіксіздігін қамтамасыз ету және қызмет бейінін сақтау жөнінде ;

өндірістік қызметті қамтамасыз ету үшін сатып алынған мүлікті мекеменің аумағында пайдалану жөнінде ;

мекемелерде сотталғандардың жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ету жөнінде;

2) қылмыстық атқару жүйесінде өндірістік қызметті жүзеге асыру және мекемелердің тыныс-тіршілігін қамтамасыз ету бойынша жұмыс тәжірибесінің болуы.

3. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен сатып алушының сатып алу-сату шарттары бойынша өз міндеттемелерін орындауын бақылауды жүзеге асыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК